



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

доставляет трансфермена до места его проживания, тем самым можно будет отслеживать выполнение договорного пункта, о доставке трансфермена до места проживания;

2. Внести в договор с транспортной компанией пункт, об обязательном наличии прохладительных напитков для туристов.

3. Подготовка и распределение трансферменов на встречу гостей непосредственно из здания аэропорта. В аэропорту туристов встречает трансфермен с табличкой туроператора. В его обязанности входит соблюдение правил этикетного протокола встречи гостей. Изначально может показаться, что это не важный момент в туризме, но именно во время встречи туристов трансферменом создается первое впечатление об услугах туроператора. Как показывает практика, имеются случаи не соблюдения правил гостеприимства (причины различны: плохое настроение, усталость, жаркая погода и пр.). Поэтому нужно четко и ясно объяснить трансфермену в чем заключается его работа и какова значимость первой встречи туристов.

4. ОТЕЛЬНЫМ ГИДАМ НЕОБХОДИМО С ВЕЧЕРА ПРЕДУПРЕЖДАТЬ ТУРИСТОВ О РАННЕМ ВЫЕЗДЕ И ПРОКОНТРОЛИРОВАТЬ УСЛУГУ «БУДИЛЬНИК» НА РЕСЕПШН.

5. Туристским агентствам, которые отправляют туристов на отдых, необходимо информировать своих клиентов о времени заселения и выселения из гостиничных номеров.

6. На фабрике сладостей, нужно заранее обговаривать продолжительность времени покупок кондитерских изделий; по возможности и необходимости использовать громкую связь для оповещения туристов об отбытии автобуса.

Внедрение в работу трансфермена предлагаемых мероприятий, будет способствовать улучшению качества организации трансфера, и как следствие, повышению рейтинга туроператора. От работы гида-трансфермена зависит уровень продаж экскурсий, качество их проведения, заинтересованность туристов в следующий раз приобрести тур того же туроператора.

Таким образом, в результате проведенного исследования были разработаны практические рекомендации по качественному улучшению работы и условий труда трансферменов, позволяющие сделать их работу более интересной и продуктивной.

Список использованных источников

1. Азар, В.И. Транспорт и туризм / В. И Азаров – М.: Транспорт, 2003. – 112 с.
2. Ильина, Е. Н. Турооперейтинг: организация деятельности / Е. Н. Ильина. – М. : Финансы и статистика, 2001. – 258 с.

ОӘЖ 338.486:711.2

ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Илиясова Ақмарал Талғатқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Есенбаева

Туристік қызметтің қарқынды дамуы мен келешегі бар аймақтың туристік әлеуетін анықтау өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазіргі уақытта туристік қызмет мәселелерін қозғайтын әдебиеттерде туристік әлеует ұғымы өте сирек қолданылады. Сондай-ақ оған әртүрлі ғалымдардың берген түсініктемелерінде туристік әлеуеттің экономикалық жүйе ретінде ерекшелігіне және оның жіктелуіне сәйкес бірыңғай көзқарастың болмағандығын атап өткен жөн. Осыған байланысты туристік әлеуетті және оған қатысты күрделі мәселелерді зерттеу өзекті болып отыр.

Дәл осы мәселені зерттеуге көптеген шетелдік және қазақстандық авторлардың

жұмыстары арналған, оның ішінде ерекше қызығушылық тудыратын А.В.Дроздов, А.И.Эйтингон, Т.К.Сергеев, Г.И.Гладкевич, Н.В.Моралев, Т.В.Брусокен, Д.П.Голиков, Е.Ю.Ледовский, Т.В.Николаенко, С.И.Дорогунцов және т.б. еңбектері. Алайда, бұл еңбектерде көрсетілген түсініктердің әртүрлі көзқараста болуы, одан әрі таласты сұрақтарды тудырады және ұғымдық деңгейде де, принципті қолданылуында да қарама-қайшылығын айқындайды.

«Әлеует» ұғымы өзінің этимологиялық мағынасында латынның «potentia» сөзінен шыққан және шаруашылық тәжірибеде еңбектің арқасында шындыққа айналуы мүмкін «жасырын мүмкіндіктер» дегенді білдіреді.

Қазіргі түсініктердің дамуына орай әлеуетті үш бағытта ерекшелеп көрсетуге болады. Бірінші бағыт өкілдері (Д.Черников, С.Белов, Е.Фигурнов және т.б.), әлеует – бұл жүйенің жұмыс істеуі немесе дамуы үшін қажетті бір-біріне байланыссыз әртүрлі ресурстардың жиынтығы деп көрсетеді. Зерттеліп отырған мәселеде академик Л.И.Абалкиннің тұжырымдамасы маңызды: «әлеует» және «ресурс» түсініктері бір-біріне қарама-қарсы қойылмайды. Әлеует (экономикалық, өндірістік, т уристік) – бұл орнына және уақытына тәуелді «ресурстардың жинақталған, құрамды сипаты». В.М. Архангельский әлеуетті нақты бір мақсатқа жету және мәселені шешу үшін жұмылдырылатын құрал немесе қор, яғни шынайы ресурстар жиынтығы деп түсінеді. Кез-келген қызметті жоспарлау және басқаруда әлеуеттің «ресурстық» түсінігі ерекше мәнге ие, дегенмен де, оның ең маңызды белгілерін жоймайды [1].

Екінші көзқарасты ұстанатын авторлар тобы әлеуетті ресурстар жиынтығының көмегімен материалдық игіліктердің шектеулі санын өндіру қабілеті деп түсінеді. Демек, ресурстардың өзара байланысы ескеріледі.

Үшінші бағыттағы ғалымдар әлеуетті алға қойылған мақсаттарды орындаудағы экономикалық жүйенің ресурстар кешені ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, әлеует – бұл, жүйенің тұтастығы және объектің қызметі жөніндегі көрінісі және олардың өзара байланысын анықтау.

Барлық жоғарыда айтылғандар осы уақытқа дейін әлеует мәнінің экономикалық түсінігіне шектеулі көзқарастың басымдығының дәлелі бола алады – біріншісі әлеуетті ресурстар жиынтығы ретінде анықтаса, екіншісі – өнімді шығару үшін шаруашылық жүйенің қабілеті, үшіншісі – нақты нәтижеге қол жеткізу үшін өндірістік күштің мүмкіндігі ретінде қарастырады. Ресейлік ғылыми әдебиеттерде кездесетін Н.Т.Игнатенко мен В.П.Руденко ұсынған «әлеует» ұғымының классификациясы қызықты болып табылады: «әлеует» ұғымының 42%-ның мағынасы табиғи жағдайлар мен ресурстардың (байлықтың), мүмкіндіктер, қорлар, құралдар, құндылықтар жиынтығы, 18% - өндіріс күштерімен, қорлар, байлықтар, ел ресурстары; 16 % - ресурстық, экономикалық, табиғи мүмкіндіктермен, 8 % - нақты нәтижеге жетудегі өндірістік күш қабілетімен [2].

Әлеует ұғымына одан әрі баға беру, өлшеу және басқару үшін оның тек ғылыми ғана емес, практикалық мәнін анықтау да ерекше маңызға ие.

1 кестеде экономика және география ғылыдарындағы «туристік әлеует» түсінігінің ғалымдармен анықталған қалыптасу эволюциясы көрсетілген.

Кесте 1

«Туристік әлеует» түсінігінің қалыптасу эволюциясы

<u>Автор</u>	<u>Анықтама</u>
Николаенко Т.В. [2]	<u>Аймақтың туристік (рекреациялық) әлеуеті дегеніміз сол аймақта туристік (рекреациялық) қызметті ұйымдастыруға бағытталған барлық табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттардың жиынтығы.</u>
Дроздов А.В. [3]	<u>Туристік-рекреациялық әлеует – белгілі бір объектіге (территорияға) орайластырылған табиғи және адам қолымен</u>

	<u>жасалынған заттар мен құбылыстардың жиынтығы, сонымен қатар туристік өнімді қалыптастыруға және сәйкесінше түрларды, экскурсиялар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жарамды шарттар, мүмкіндіктер мен құралдардың жиынтығы.</u>
<u>Кусков А.С., Лысикова О.В. [4]</u>	<u>Аймақтың туристік әлеуеті деп қолда бар туристік ресурстармен туристердің нақты келген және болашақта келуі мүмкін саны арасындағы арақатынасты атайды.</u> <u>Аймақтың туристік (рекреациялық) әлеуеті – табиғи және экологиялық тепе-теңдік жағдайында аймақтың белгілі бір деңгейде (шектеулі) туристер санын қабылдай алу қабілеті.</u>
<u>Кусков А.С., Арсеньева Е.И., Феоктистова Н.В. [4]</u>	<u>Туристік әлеует – табиғи және тарихи-мәдени объектілер мен құбылыстардың, сонымен қатар нақты аймақта туристік қызметті ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және технологиялық алғышарттардың жиынтығы. Әрі бұл қызмет туризмнің базалық қағидаларымен сөзсіз сәйкес келуі тиіс.</u>
<u>Дорогунцов С.И., Хвесик М.А., Горбач Л.М., Пастушенко П.П. [5]</u>	<u>Экономикалық туристік әлеует – бұл шаруашылық субъектілердің және басқару органдарының аймақта бар ресурстардың жиынтығын қолдану арқылы халықтың және мақсатты нарықтың қажеттілігін қанағаттандыр умақсатында аймақтың туристік (рекреациялық) өнімін қалыптастыру қабілеті.</u>
<u>Голиков Д.П. [6].</u>	<u>Аймақтың туристік әлеуеті – аймақ шеңберіндегі туристік ресурстардың туристер назарын аудару және олардың саяхаты кезінде қажеттіліктерін барынша жоғары деңгейде қанағаттандыра алу қабілеті.</u>
<u>Брусокен Т.В. [7]</u>	<u>Аймақтың туристік әлеуеті – бұл аймақта бар және аймақтың туристік қызмет мәселесін шешуде ұйымдастырылуы мүмкін жасырын, ұйымдаспаған мүмкіндіктер (ресурстар) жиынтығы.</u>

Жоғарыда айтылған мәселелер «аймақтың туристік әлеуеті» ұғымына да қатысты. Себебі бұл ұғым өзінің жалпылама толық түсініктемесіне ие болмас бұрын бірнеше ғалымдармен сан түрлі көзқарас тұрғысынан анықтамаларға ие болды. А.В.Дроздов әділ түрде бұл «туристік-рекреациялық әлеует» ұғымының мәні және қолдану аясының әртүрлілігін және зерттеу барысында ол қылықтардың орын алғандығын айтып өтеді [3].

«Аймақтың туристік әлеуеті – аймақ шеңберіндегі туристік ресурстардың туристер назарын аудару және олардың саяхаты кезінде қажеттіліктерін барынша жоғары деңгейде қанағаттандыра алу қабілеті» деп Д.П.Голиков еңбегінде анықтама берген [6]. «Аймақтың туристік әлеуеті – бұл аймақта бар және аймақтың туристік қызмет мәселесін шешуде ұйымдастырылуы мүмкін жасырын, ұйымдаспаған мүмкіндіктер (ресурстар) жиынтығы» деп Т.В.Брусокен өз көзқарасын білдірген [7].

«Туристік әлеует» ұғымына берілген түсініктемелерді талдаудан шығатын қорытынды, географ және экономист ғалымдар негізінде екінші ресурстық тұжырымдаманы ұстанады, оған сәйкес әлеует – бұл нақты мақсатқа қол жеткізуде қажетті өзара байланысқан ресурстар жиынтығы. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, аймақтың туристік әлеуеті дегеніміз – бұл оның туристік индустриясын дамытуға мүмкіндігінің болуы және оның қызмет етуінен оң әлеуметтік-экономикалық тиімділікке және бұл аймақтың қызығушылық деңгейінің артуына қол жеткізуі. Жалпылай келе «аймақтың туристік әлеуеті» ұғымына келесідей түсініктеме береміз: аймақтың туристік әлеуеті – бұл аймақтың туристік индустриясын дамытуға мүмкіндігінің болуы және оның қызмет етуінің нәтижесінде оң әлеуметтік-экономикалық әсер алуы мен бұл аймақтың туристік қызығушылық деңгейінің артуы; аймақтың туристік әлеуеті – бұл туристік қызметті ұйымдастыру мақсатында оның қарауында болатын барлық туристік ресурстардың жиынтығы.

Қолданылған әдебиет

1. Федонін О. С., Рєпіна І. М., Олексюк О. І. Потенціал підприємства: формування та оцінка. – К.: КНЕУ, 2003. – 316 с.
2. Николаенко Т. В. Рекреационная география. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 288 с. Зорин И. В., Квартальнов В. А. Энциклопедия туризма. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 384 с.
3. Дроздов А. В. Экотуризм: определения, принципы, признаки, формы // Актуальные проблемы
4. Кусков А. С., Лысикова О. В. Курортология и оздоровительный туризм. – Ростов н / Д: «Фе-никс», 2004. – 320 с.
5. Дорогунцов С. І., Хвесик М. А., Горбач Л. М., Пастушенко П. П. Екосередовище і сучасність. Т.
6. Голиков Д.П. Организационно экономический механизм использования регионального туристско-ресурсного потенциала, 2005. – 36с.
7. Брусокен Т. В. Формирование и реализация туристского потенциала региона: Автореф. дис...канд.. экон. наук: 08.00.05. – СПб.: Изда-во СПбГУ, 2004. – 25 с.

ӘӨЖ 338.48(201)(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ

Исабаева Айдана Нұрдәулетқызы

aidanaissabayeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Туризм»

мамандығының 1-ші курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Рүстемова С.М.

Мақалада ғарыштық туризмге анықтама беріліп, Қазақстандағы ғарыштық туризмнің даму мүмкіндіктері туралы сипаттама берілген. Осы туризм түрінің белгілі бір мәселелер шешілген кезде әлеуетінің зор екені атап көрсетілген.

Негізгі ұғымдар: ғарыштық туризм, әлеует, кластер, ғарыш айлағы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда туризмнің барлық түрлерін дамыту мүмкіндігі бар екендігін Бүкіләлемдік Туристік Ұйымның Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясында айта кетіп, ғарыштық туризмге ерекше көңіл бөлген болатын. Ғарыштық туризм деп ашық космосқа немесе жер төңірегіндегі орбитаға, сондай-ақ ғарыш кемелер бастау алатын жерлерге танымдық мақсатта ұйымдастырылатын турларды айтамыз. «Біз ғарыштық туризм секілді туризмнің перспективалы түріне көп көңіл бөлеміз. Қазіргі таңда әлемде отызға жуық ғарыш айлықтары бар, солардың ішінде Байқоңырдың орны ерекше. Байқоңыр – бұл аса маңызды оқиғалар болған әлем космонавтикасының бесігі. Атап айтқанда: алғашқы ғарыштық серік, адам, ғарыштық экипаж, сондай-ақ адамзат тарихындағы алғашқы ғарыштық турист», - деп жалғастырды Елбасы.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму барысындағы бүгінгі күннің контекстінде ғарыштық туризмнің даму әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр.

Әлемдегі ғарыштық бәсекеге қабілетті, ғарыштық держава атағын алуға үміткер елдердің қатарында Қазақстанның орны ерекше. Президент Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуының басым бағыттарының бірі зымыран-ғарыштық саласының дамуы болып табылады. Қазақстан шикізат мемлекетінің мәртебесінен жоғарғы технологиялы, зияткерлік-дамыған мемлекеттік мәртебеге өту деңгейіне көптен бері ұмтылыс жасауда. Бүгінде, әлем Қазақстанды «ғарыштық держава» ретінде мойындамаса да,